


**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

**ТҮРКОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНДАҒЫ
ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ**



ТҮРКІСТАН 2019

ӘОЖ 811.512

КБЖ 81.2

Т 87

Баспаға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенаты (Хаттама №5 28.12.2018ж.) ұсынған.

Редакциялық алқа мүшелері:

Абдрасилов Б.С. – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті, б.ғ.д, профессор, алқа төрағасы

Женгиз Томар – I-Вице-президент, доктор, профессор

Беркимбаев К.М. – Вице-президент, п.ғ.д., профессор

Пусат Пилтен – Вице-президент, доктор, доцент

Әбуов Ә.Е. – Вице-президент, филос.ғ. д.

Құрастырғандар:

Ж.Танауова, Б.Әбжет, С.Құдасов, А.Мұсабекова, Р.Есбалаева,
М.Шайхыстамова, М.Молдашева, Ж.Асхатұлы, Н.Заңәділұлы.

Жауапты шығарушы:

ф.ғ.к. С.Дағыстан, ф.ғ.к. Н.Мансұров

Рецензенттер:

ф.ғ.к., Ж.С. Рахыш, филос.ғ.д., профессор Д.Кенжетаев

Т 87 Түркология институтындағы қолжазбалардың ғылыми сипаттамасы.
2-кітап. – Түркістан, «Тұран» баспасы. 2019, –124 бет.

ISBN 978-601-339-025-3

Ұсынылған ғылыми сипаттаманың екінші жинағында діни мазмұндағы дастандар, Құран аяттары мен Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадистері және дұғалар, шайырлардың өлеңдерінің каталогы, яғни қолжазбалардың жинаушылары, жанры, қолтаңбасы, жазылған жылы, жері т.б. жайлы мәліметтер топтастырылған.

Жинақ әдебиеттанушылар мен тарихшыларға, түркологтарға, жоғары оқу орындарының филология, тарих факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, докторанттарына, жалпы көпшілік оқырманға арналады.

ӘОЖ 811.512

КБЖ 81.2

ISBN 978-601-339-025-3

© Қожа Ахмет ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

©Түркология ғылыми-зерттеу институты, 2019

© «Тұран» баспаханасы

АЛҒЫ СӨЗ

Түркология ғылыми-зерттеу институтының қолжазба қорында жинақталған көне кітаптар мен қолжазбалардың ғылыми сипаттамасының 2-томына бірыңғай араб қарпімен жазылған дүниелер топтастырылған. Кезінде Түркістан, Қарнақ секілді елдімекендерде бірнеше мешіттер мен медреселер жұмыс жасаған, әрі бұл медреселердің кейбірі әлі күнге дейін сақталған. Мұндай діни орталықтарда діни кітаптар көптеп шоғырланатыны белгілі. Сонымен қатар мұсылманша сауаты жоғары болған аймақта сол дәуірлерде жарық көрген діни, ортағасырлық сопылық бағыттағы шайырлардың кітаптары т.б. қисса, дастандардың көп тарауына жол ашылатындығы белгілі. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жинақталған діни кітаптар кешегі 30-жылдары кітапханалар мен архивтерге алынған. Қазіргі кезге дейін ел арасында сақталған діни кітаптар көптеп кездесіп отырады. Институт қорына тапсырылған көне кітаптар қатарында Құран кітаптары мен хадис-дұғалар, ортағасырлық шайырлардың кітаптарынан Хазини, Сағди, Науаи, Хафиз, Физули, Мырза Биделдің, Сопы Аллаярдың шағатайша, парсыша жазылған кітаптарын кездестіруге болады. Сонымен бірге Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» кітабының бірнеше нұсқалары да бар. Қазақтың белді ақындарынан ұлы Абайдың өлеңдерінің Мүрсейіт молда 1907 жылы хатқа түсірген толық шығармаларының көшірмесі, Шәді төренің қиссалары мен «Назым Сияр шәріп» кітабының қолжазбалары сапасы жағынан жақсы сақталған. Маңызды еңбектердің қатарында XIX ғасырда шағатайша кітап болып басылған «Шахнама» кітабы мен Тұрмағамбеттің «Рүстем-Дастан» кітабын айрықша айтуға болады. XX ғасырдың басында өмір сүрген белгілі молда Бекасыл Биболатұлының мұралары ішінен парсы тіліндегі «Фалнама» кітабы, соған ұқсас тағы бір хижраның 1313 жылы жарық көрген «Балнама» кітабы қорда сақтаулы.

Түркістан облысы мен Қызылорда аймағында тұратын қожалардың қолдарында атадан балаға мирас боп келе жатқан шежірелер мен «Насапнамалар» бар, солардың бірқатары кезінде институт қорына жинақталған. Қазақ даласының бір ерекшелігі әр өңірінде діни қиссалар мен жыр-дастандардың көптеп кездесетіндігі деуге болады. Кезінде Майлықожа, Қазанғап ақындар жырлаған «Әмір Әмзе», «Зарқұм», «Кесік бас», «Әзіреті Әлінің Дариға қызбен күресі», «Шах Машраб» сияқты т.б. қиссалар жинақталған. Сонымен қатар «Қыз Жібек», «Төрехан туралы жыр», дастанының араб әрпімен жазылған нұсқасы, Қытай қазақтарының ғұрыптық фольклорының

топтамаларында институт қызметкерлері жинақтап өткізген. Жинақталған мұралардың көпшілігі араб, парсы, шағатай тілінде жарық көрген литографиялық кітаптар болып табылады. Одан бөлек қадимша жазылған қазақтың жыр-дастандары мен діни қиссалары, сонымен бірге төте жазумен жазылған тұрмыс-салт жырлар мен ғұрыптық фольклорлық мұралар кездесіп отырады.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

Ш. – Шығарманың шифры

ТҒЗИ – Түркология ғылыми-зерттеу институты

П. – қолжазбаның неше парақтан тұратыны

Б. – беті

Ж. – жолы

9x15; 18x8 – алғашқы цифрлар қолжазбаның ұзындығы мен көлденеңі, екінші цифрлар – шығарма жазуының ұзындығы мен көлденеңін білдіреді.

Аталуы. Әртүрлі әңгімелер, хадистер, насихат өлеңдер.

Жинаушы. Әлмаханов Болат, Кентау қаласының тұрғыны.

Тілі. Орта ғасыр түркі тілінде жазылған, хадистер араб тілінде жазылып, төменгі жағында аудармасы қазақша берілген

Аннотациясы. Қолжазбада әртүрлі тақырыптағы әңгімелер кездеседі. Мысалы, хадистер мен түсініктері, насихат өлеңдер, Құран сүрелерін насихаттайтын әңгімелер, Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) дұғалары, намаз дәреті, мұсылмандық жайлы әңгімелер, қиямет күні туралы, рамазан айында ораза тұтудың ерекшелігі, қажылық туралы, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) көрген түсі туралы, қазіргі жастардың, тіпті сақал-шашқа ақ кірген қарттардың өзі өлім туралы ойламайтыны жайлы насихат өлең, арақ ішудің зияны, арақ ішкен адамның отбасының берекесі кететіндігі туралы насихат өлеңдер мен әңгімелер берілген.

Басқы сөзі... ... بر باى جول جوريب كه له جاتسا بر جايو جيکيت كه زده سيبتى ...

Соңғы сөзі... اراققا قانشا كه تسه وکينبه یدى، مه حنات قيب تابقان دونيا قولدا بارين.

Қағазы, сиясы, әрпі. Блокнотқа көк сиямен, 62-65 беттері қара қарындашпен, араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Хадистер, өлеңдер мен әңгімелердің арасы сызықпен бөлінген. 10, 12, 14, 16, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 36, 38, 40, 42, 44, 61 беттері таза, жазу жазылмаған.

Ақауы. Блокноттың жоғарғы жағы қалың жіппен тігілген. Қолжазбаның қалың мұқабасы жоқ, бірінші бетінен бастап жазу жазылған.

Папкасы. 1 (ТҒЗИ)

Аталуы. Діни мазмұндағы әртүрлі хикаяттар.

Жинаушы. Әлмаханов Болат, Кентау қаласының тұрғыны.

Тілі. Орта ғасыр түркі тілінде жазылған, хадистер араб тілінде жазылып, төменгі жағында аудармасы қазақша берілген

Аннотациясы. Қолжазбадағы хикаяттардың басым көпшілігі діни мазмұндағы хикаяттар, сонымен қатар хадистер мен насихат өлеңдер де кездесіп отырады.

Басқы сөзі...

بيلسه بر ايت حدیث موللا دورور...

Соңғы сөзі... ... انداغدورکه اول کیشی وز انا اناسینی دشلاع قیلیب دور.
Қағазы, сиясы, әрпі. Блокнотқа көк сиямен, 91-96 беттері қара қарындашпен, араб әрпімен жазылған.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен жазылған, 63, 64, 68, 75-82 беттерде бір бетке текст тігінен және көлденеңінен түсірілген.
Қолжазбадағы қосымша белгілер. Хадистер, әңгімелер мен насихат өлеңдердің арасы сызықпен бөлінген, 83-ші беттен бастап насихат өлеңдер бір бетке екі қатардан жазылып, қатардың арасына «+» белгісі қойылған.
Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.
Ақауы. Блокнот беттерінің ұштары қайырылып тоза бастаған.
Папкасы. 1 (ТҒЗИ)

3

Ш. 1 (ТҒЗИ) Б. 94
19x14; 14x13

Аталуы. Белгілі тақырыбы жоқ, әртүрлі діни мәселелер.
Жинаушы. Әлмаханов Болат, Кентау қаласының тұрғыны.
Тілі. Орта ғасыр түркі тілінде жазылған, хадистер араб тілінде жазылып, төменгі жағында аудармасы қазақша берілген.
Аннотациясы. Қолжазбада белгілі тақырыбы жоқ діни мәселелер қамтылған, сонымен қатар хадистер мен сүрелер де кездесіп отырады.
Басқы сөзі... عيلم و عمال و ذکیر دونیادا دور ...
Соңғы сөзі.. .. ە رکى جو ق قول بولغان سوک وز باسیندا، الینه ادام بايقوس قاراما سا.
Қағазы, сиясы, әрпі. Блокнотқа көк сиямен, араб әрпімен жазылған.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен жазылған, 26 бетте текст тігінен және көлденеңінен жазылған.
Қолжазбадағы қосымша белгілер. Хадистер, әңгімелер мен сүрелердің арасы сызықпен бөлінген, 90-шы беттен кейін 3,4 парағы жыртылған.
Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.
Ақауы. Қолжазбаның қалың мұқабасы жоқ, бірінші бетінен бастап жазу жазылған.
Папкасы. 1 (ТҒЗИ)

4

Ш. 1 (ТҒЗИ) Б. 126
28x19; 27x17

Аталуы. Діни тақырыптағы әртүрлі әңгімелер.
Жинаушы. Әлмаханов Болат, Кентау қаласының тұрғыны.
Тілі. Орта ғасыр түркі тілінде жазылған.

Аннотациясы. Қолжазбадағы діни мазмұндағы әңгімелердің тақырыбы мынадай: «Хикаят Халифа ради Аллаһу анһу», «Бандаға өлімнің көрінбегі», «Өсиет нама», «Хикаят Абу Дарда», «Абу Хафзидің хикаяты», «‘Алымдарды махшарға келтіргені», «Мусибаттың баяны», «Құрбандықтың жайы», «Хазраты ‘Умардың шахид болған хикаясы», «Абу Хайлмен көріскені», «Сираттан өтіп дидар көрмегі», «Қиямат жайындағы хикая», «Насихат сөз», «Мінажат», «Насихат», «Кәрілік туралы», «Ерімбеттің ауырып жатып айтқаны», «Қияматта», «Бұқараның базарына барып у ішіп өлейін деп жатып айтқаны. Бір жігіттің өсиеті», «Бибі ‘Айшаның риуайаты», «Бандаға өлімнің көрінгені», «Хар күні бес жайда періште бес түрлі нида қылғаны», «Банданың көр ішіндегі ахуалы», «Уман атлы періштенің көрге кіргені», «Ахырдың ‘аламаты», т.б. әртүрлі діни мәселелер.

Басқы сөзі...

که لینك دوسلار اللاه يادین دايم ایتینك...

Соңғы сөзі...

... أولي پیغمبر غه دورود آیتیب، مغان هم خیر دوعا آیلاکلار.

Қағазы, сиясы, әрпі. Үлкен, калың, жол көз, көкшіл түсті дәптерге араб әрпімен, көк сиямен жазылған. 92 беттен бастап текст сарғыш түсті қағазға көк сиямен, араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Текст бір бетке екі бағанмен түскен, бағанның арасы ұзына бойы екі сызықпен бөлінген. 39-шы беттен бастап текст бір бетке үш бағанмен түскен, сызықтың орнына «х» деген белгімен бөлінген. 44-ші беттен текст қайтадан екі бағанмен түсіп арасы «х» белгісімен бөлінген.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбадағы алғашқы беттелмеген екі парағы және соңғы бір парағы мұқабаға қосылып тігілген. Мұқабаға қосылып тігілген соңғы парақта Менлибеков Тұрғанбай, Менлибекова Гүлжамал Тұрғанбаевна, Тұрғанбаев Ашир Менлибекович, Тұрғанбаев Жақсылық Менлибекович деген адам аттары жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Мұқабаға қосылып тігілген екінші парағы үш бөлініп жыртылған, тағы екі парағы жыртылып, 95-ші беттен бастап парақтар тіпті қосылып тігілмеген, бұл беттер кейіннен қосылған болу керек.

Папкасы. 1 (ТҒЗИ)

5

Ш. 1 (ТҒЗИ)

Б. 225

28,5x20; 25x11

Аталуы. Діни тақырыптағы әртүрлі әңгімелер.

Жинаушы. Әлмаханов Болат, Кентау қаласының тұрғыны.

Тілі. Орта ғасыр түркі тілінде жазылған

Аннотациясы. Қолжазбада діни тақырыптағы мынадай әңгімелер кездеседі: «Хикаят Хамил», «Қиссашы раис», «Атымтайды күндеген падишаларының хикаясы», «Бақилдың өз қызының қолын кескені», «Мұхаммад Мұстафа салла Аллаху ‘алайхи уасалламның перзенті Ибраһимның дүниеден өткен хикаясы», «Нұғманның дүниеге енген тарихы», «Нұғманның ‘ағзам болғаны», «Имам ағзамның фазилаты», «Имам ағзамның басқа имамдардан абзалдығы», «Имам ағзамнан бір адамның сауал қылғаны», «Халифа Абу Жағфардың уәзірінің айтқан жуабы», «Имам ағзамның опат болғаны», «Бір молланың хикаяты», «Хикаят Шабана», т.б. әртүрлі діни мәселелер.

Басқы сөзі... كه لسن ده ب موسه نى الله قبار به ردى ، تور تاغدا پايدا بوليب تاورات ه ندى .
Соңғы сөзі... ...دونيا سوزين آيتار شاريعت سوزينا عمل قيلما سلا.

Қағазы, сиясы, әрпі. Үлкен, калың, жол көз, сарғыш түсті дәптерге араб әрпімен, көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Текст бір бетке бір бағанмен түскен, кей жерлерде бір бетке екі бағанмен жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбаның соңында, мұқабасында 1959 деген жазу бар.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Қолжазбаның мұқабасы қолмен тігілген, кейбір парақтары жыртылған. 191 беттен бастап қолжазбаның парақтары өзгерген, шамасы дәптердің беттері жетпей қосымша қосылған парақтар болу керек.

Папкасы. 1 (ТҒЗИ)

6

Ш. 2 (ТҒЗИ)

Б. 206
20,5x14; 17,5x12

Аталуы. «Қиссас ул-әнбиядан» алынған дастандар.

Авторы. Авторы белгісіз, бірақ, қолжазбада мынадай өлең жолдары берілген:

Түсінікті болсын деп оқыған қазақ халқына,

Өзбектің тілінен тіліне қазақ аударып,

Айналдырдым назымға жұрт тыңдауына ылайық

- деген өлең жолдары бұл қолжазба аударма болғанын білдіреді.

Аудармашының аты-жөнін мына өлең жолдарынан білеміз:

Оқыған мұны тыңдаған, дұға қылса деп енді,

Көпен ұлы деген деп дұғаны үміт қып енді (едім).

Жинаушы. Мұсаева Сәуле, Түркістан қаласының тұрғыны.

Тілі. Орта ғасыр түркі тілінде жазылған

Аннотациясы. Қолжазбада «Қиссас ул-әнбия» кітабынан алынған пайғамбарлар дастаны берілген. Қолжазбада Ибраһим пайғамбар, Исмаил пайғамбар, Сүлеймен пайғамбар, Мұса пайғамбар, Дәуіт пайғамбар туралы төрт дастан берілген.

Басқы сөзі...

قلام الديق قوليمه الله نى جاتداف تيله نيب...

Соңғы сөзі...

... بزدي عاسى كوناكه ر سودان وميت فيلادى.

Қолтаңбасы. Көпен ұлынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптерге көк сиямен, араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Текст бір бетке екі бағанмен жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Тексттің арасында қызыл сиямен кейіннен қосылған түсініктемелер берілген.

Ақауы. Жағдайы жақсы.

Папкасы. 2 (ТҒЗИ)

7

Ш. 3 (ТҒЗИ)

Б. 116
20,5x9; 18x8

Аталуы. Хадистер, әңгімелер

Жинаушы. Исмаилов Әлішер, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының тұрғыны.

Тілі. Хадистер араб тілінде, діни тақырыптағы әңгімелер орта ғасыр түркі тілінде жазылған.

Аннотациясы. Қолжазбада хадистер берілген, аяқ жағында бірнеше діни әңгімелер кездеседі.

Басқы сөзі...

أعوذ بالله من الشيطان الرجيم ...

Соңғы сөзі...

... الهى جملنى مقصود دىنى بىر منى ديك عصى قلغا علمى سير.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жол көз блокнотқа қара, көк, қызыл, жасыл сиямен, араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Бір бетке толық жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбаның 89,90,91,96,97,108-116 беттері таза, жазу жазылмаған.

Ақауы. Қолжазбаның жағдайы жақсы.

Папкасы. 3 (ТҒЗИ)

8

Ш. 3 (ТҒЗИ)

Б. 18

20x16,5; 18,5x14,5

Аталуы. Хадистер, діни әңгімелер.**Жинаушы.** Исмаилов Әлішер, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының тұрғыны.**Тілі.** Араб тілі мен орта ғасыр түркі тілі араласып келеді.**Аннотациясы.** Қолжазбада насихат сөздер, хадистер, діни әңгімелер араласып келеді.**Басқы сөзі...** أعوذ بالله من الشيطان الرجيم، رب يعسر و لا تعسر و تمم بالخير...**Соңғы сөзі...** ... اي فيريزاد قاليب دين شيغيب ارمان تورلى قاينغى تار قاسيندا.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Тор көз дәптерге көк сиямен, араб әрпімен жазылған. 15-ші беті қара қаламмен жазылған.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Бір бетке толық жазылған.**Ақауы.** Қолжазбаның беттері түгел емес, жыртылған.**Папкасы.** 3 (ТҒЗИ)

9

Ш. 3 (ТҒЗИ)

Б. 60

18x10,5; 14x8,5

Аталуы. Дұғалар.**Жинаушы.** Исмаилов Әлішер, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының тұрғыны.**Тілі.** Араб тілі мен орта ғасыр түркі тілі араласып келеді.**Аннотациясы.** Дұғалар.**Соңғы сөзі...** ... مجمل امننت بالله كما سوبا اسماء عو صفاتيہ.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қолдан тігіп жасалған жол көз дәптерге қара сиямен жазылған.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Бір бетке толық жазылған.**Қолжазбадағы қосымша белгілер.** Тексттің кейбір өшіп қалған жерлері көк және қызыл сиямен үстінен басып жазылған.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Ақауы.** Қолжазбаның алғашқы бес беті және соңғы беттері жыртылған.

Жағдайы нашар.

Папкасы. 3 (ТҒЗИ)

Аталуы. Діни тақырыптағы әңгімелер.

Жинаушы. Ходжаев, Ташкент қаласының тұрғыны.

Тілі. Парсы тілі мен шағатай тілі араласып келген.

Аннотациясы. Қолжазбада мынадай тақырыптар қамтылған: «Хикаят», «Лафт набийу с.а.с.», «Сабаб назм китаб ас-саб аль-ахирин», «Бандаликны баяны», «Худай тағаланың бірлігінің баяны», «Сегіз сифат сабутының баяны», «Періштелерге иман келтірмектің баяны», «Кітаптарға иман келтірмектің баяны», «Пайғамбарларға иман келтірмектің баяны», «Миғраждың баяны», «Тасдиқ чаһарйар», «Карамат аулия хақ турур», «Ажал бар дур ...», «Мункар уа Накирнің баяны», «Қиямат хақ турур», «Тараздың баяны турур», «Сиратниң мани турур», «Хос каусарниң баяны», «Шиғаатның баяны», «Мінажат», «Ишан Софы Аллаяр», «Шараб мухаббатны пір камал қолыдан талаб ичмак керак», «Талабларға сақи жам мухаббат сөз керак», «Талаб керак кім өзін масу-л-лаһ қылса», «Хикаят Ишан Софы Аллаяр», «Марууат уа Хужжиатның баяны», «Мамат уа Хамитның баяны», «Софылардың баяны», «Хикаят шайх Хасан Басри р.а.а.», «Рия уа ғафлатны баяны», «Фазилат риязатны баяны», «Даруишликны баяны», «Муминларға керак кетмасдин бурун бір-біріге меһрибан болса», «Муминларға лазым дур иман назридин иарақ болса», «Хикаят Баязиди Бустами», «Тариқат иолыға тушқанлар дақфа болғай», «Банда керак кім балаға сабыр қылса ва қазаға разы болса», «Хикаят Абд Аллах Ансари», «Ишан суфи иаранларыға руқсат берғанларыны баяны», «Ишан Софы Аллаяр фарзандларыға насихат берғанлары баяны», «Бу назмны хитаб узларыға қылыб шакиста нафс қылғанлар баяны», «Рубаят турки Аллаяр», «Хатма китабының баяны», «Афсус нама. Ишан софы Аллаяр», «Ғазалият турки. Ишан софы Аллаяр р.а.а.», «Ғазалият фарси. Ишан софы Аллаяр».

Басқы сөзі...

ثالالحالق غبسر او افلاك ...

Соңғы сөзі...

... من محان البسه كه در بزم شكايهت بار ما .

Қағазы, сиясы, әрпі. Шығыс қағазына қара сиямен, тақырыптары қызыл сиямен, араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Әр беттің аяғына келесі беттің басқы сөзін қойып отырған, кейіннен Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Текст бір бетке екі бағанмен түскен.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Қолжазбаның алғашқы беті және соңғы беттері жыртылған.

Папкасы. 4 (ТҒЗИ)

11

Ш. 4 (ТҒЗИ)

Б. 174
19x15; 15x13**Аталуы.** مصنوي. Маснауи.**Жинаушы.** Ходжаев, Ташкент қаласының тұрғыны.**Тілі.** Парсы тілі.**Басқы сөзі...** زنرسه است سميه است آمين است سمع الله گفتن از دين است...**Соңғы сөзі...** ... هر که خوانو دعا طمع دار زان که من بنده کنه کارم.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Шығыс қағазына қара сиямен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1253.**Беттелуі.** Әр беттің аяғына келесі беттің басқы сөзін қойып отырған, кейіннен Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Текст бір бетке екі бағанмен түскен.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Ақауы.** Қолжазбаға су тигендіктен 35-ші бетке дейін бүлінген.**Папкасы.** 4 (ТҒЗИ)

12

Ш. 4 (ТҒЗИ)

Б. 42
35,5x22; 30x12,5**Аталуы.** Диуани хикмет.**Авторы.** Қожа Ахмет Иасауи.**Жинаушы.** Ходжаев, Ташкент қаласының тұрғыны.**Тілі.** Шағатай тілі.**Аннотациясы.** Қолжазбада Қожа Ахмет Иасауидің 53 хикметі жазылған.**Басқы сөзі...** حق تعالیٰ فضلی برلان فرمان قیلدی ...**Соңғы сөзі...** ... اول سبب ین حقد ین قور قوب غلر کا کیرد یم.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Үлкен сарғыш қағазға қара сиямен, араб әрпімен жазылған. Тақырыптары қызыл сиямен жазылған.**Беттелуі.** Араб цифрымен, соңынан Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Бір бетке екі бағанмен түскен.**Қолжазбадағы қосымша белгілер.** Қолжазбаның түпнұсқа екенін куәландыратын мөр басылған. Мөрде Нарынбай деген адам аты жазылған және 1365 деген дата бар.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Ақауы.** Қолжазбаның жағдайы нашар, бас-аяғы жоқ, беттері жыртылған.**Папкасы.** 4 (ТҒЗИ).

13

Ш. 4 (ТҒЗИ)

Б. 176

17,5x10,5; 11x7

Аталуы. Намаз, ислам қағидалары.**Жинаушы.** Ходжаев, Ташкент қаласының тұрғыны.**Тілі.** Араб, парсы тілі.**Аннотациясы.** Қолжазбада намаздың түрлері жайлы жазылған, басқа да ислам қағидалары қамтылады.**Басқы сөзі...**

در شريعة الاسلام...

Соңғы сөзі... فى الارض ولا فى السماء و هو السميع العليم و الحمد لله رب العالمين.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Сарғыш түсті қағазға қара сиямен, тақырыптары қызыл сиямен, араб әрпімен жазылған.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген және әр беттің аяғына келесі беттің басқы сөзін қойып отырған.**Мәтіннің орналастырылуы.** Текст бір бетке толық жазылған.**Қолжазбадағы қосымша белгілер.** Қолжазбаның түпнұсқа екенін куәландыратын 60, 69 беттерде мөр басылған.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Папкасы.** 4 (ТҒЗИ).

14

Ш. 4 (ТҒЗИ)

Б. 100

26,5x15,5; 16x8,5

Аталуы. Фзули дивандары.**Авторы.** Фзули.**Жинаушы.** Ходжаев, Ташкент қаласының тұрғыны.**Тілі.** Шағатай тілі.**Аннотациясы.** Қолжазбада Фзулидің дивандары қамтылған.**Басқы сөзі...**

ای فضولى سله سنهان دوتمه سك آلنكى ...

Соңғы сөзі...

... اين كتابت روز دوشنبه تمام.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шығыс қағазына араб әрпімен, қара сиямен жазылған.**Беттелуі.** Келесі беттің бастапқы сөзі алғы беттің соңына жазылу арқылы беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Текст бір бетке екі бағанмен жазылған.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Ақауы.** Қолжазба су тиіп көгерген, алғашқы беттері жоқ.**Папкасы.** 4 (ТҒЗИ).

Ш. 4 (ТҒЗИ)

Б. 185
26x15; 17x8,5**Аталуы.** Науаи өлеңдері.**Авторы.** Науаи.**Жинаушы.** Ходжаев, Ташкент қаласының тұрғыны.**Тілі.** Шағатай тілі.**Аннотациясы.** Қолжазбада Науаидің өлеңдері берілген.**Басқы сөзі...**

كلك ايرور رحيم كه يتل بولميش ديماكدين ...

Соңғы сөзі...

...این کتابت روز دوشنبه تمام.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шығыс қағазына араб әрпімен, қара сиямен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1353.**Беттелуі.** Келесі беттің бастапқы сөзі алдыңғы беттің соңына жазылу арқылы беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Текст бір бетке екі бағанмен жазылған.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Ақауы.** Қолжазбаның алғашқы беттері жыртылған.**Папкасы.** 4 (ТҒЗИ).

Ш. 4 (ТҒЗИ)

Б. 250
24,5x15; 18,5x9**Аталуы.** Сүрелер.**Жинаушы.** Ходжаев, Ташкент қаласының тұрғыны.**Тілі.** Араб тілі.**Аннотациясы.** Құран сүрелеріне түсінік берілген.**Басқы сөзі...**

وعلمو ان الله حول بين المرء و قلبه و انه ...

Соңғы сөзі...

...تولو فانما عليه ما حمل و عليكم.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш түсті қағазға қара сиямен, тақырыптары қызыл сиямен, араб әрпімен жазылған.**Беттелуі.** Келесі беттің бастапқы сөзі алдыңғы беттің соңына жазылу арқылы беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Текст бір бетке толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Ақауы.** Қолжазбаның жағдайы нашар, бас-аяғы жоқ, парақтары жыртылған.**Папкасы.** 4 (ТҒЗИ).

Аталуы. كتاب عقليه Китаб ‘ақлийа

Авторы. Абай Құнанбаев

Жинаушы. Мекемтас Мырзахметов, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Тілі. Қазақ тілі.

Аннотациясы. Абай шығармаларын жинап көшіруші Мүрсейіт екені қолжазбаның 56-шы бетінде жазылған. Қолжазбада Абайдың мынадай шығармалары қамтылған: 43 қара сөзі, қара сөздерінің реттік саны ауысып кеткен, біздің беріп отырғанымыз бірінші қолжазбадағы саны, екіншісі кітаптағы қара сөздің реттік саны – 1-3, 2-4, 3-5, 4-6, 5-7, 6-13, 7-12, 8-14, 9-9, 10-20, 11-15, 12-21, 13-16, 14-28, 15-17, 16-22, 17-23, 18-29, 19-19, 20-31, 21-32, 22-18, 23-1, 24-10, 25-24, 26-39, 27-2, 28-25, 29-30, 30-11, 31-34, 32-35, 33-8, 34-33, 35-40, 36-26, 37-41, 38-42, 39-36, 40-43, Насихат-17, Китаб тасдиқ-32, Сократ хақимнің сөзі-27. Қара сөздер біткен соң 75-ші бетте мынадай сөз бар: қара сөзді біттім, енді келдік әр түрлі нәрселерді өлең қылып, әр нәрсені сипаттап, шығарған байттарды келесі беттен бастап жаза бастадым, 25-ші март 1907.

Өлеңдер:

«Өлең – сөдің патшасы, сөз сарасы» – 60 жол, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» – 48 жол, «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» – 50 жол,

«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» – 24 жол, аяғы 101 бетте деп жазылған, «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» – 16 жол, «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» – 44 жол, «Біреуден біреу артылса» – 20 жол, «Интернатта оқып жүр» – 77 жол, «Ғылым таппай мақтанба» – 77 жол, «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» – 24 жол, Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» – 30 жол, «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» – 18 жол, «Сабырсыз, арсыз, еріншек» – 84 жол, «Бөтен елде бар болса» – 168 жол, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» – 28 жол, «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» – 16 жол, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» – 100 жол, «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» – 40 жол, «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» – 18 жол, «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» – 12 жол, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» – 14 жол, «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?» – 40 жол, «Сегіз аяқ» – 200 жол, «Менсінбеуші ем наданды» – 32 жол, «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» – 16 жол, «Көк тұман – алдындағы келер заман» – 36 жол, «Лай суға май бітпес қой өткенге» – 28 жол, «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» – 20 жол, «Көзінен басқа

ойы жоқ» – 24 жол, «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?» – 32 жол, «Жүрегім, ойбай, соқпа енді!» – 16 жол, «Алла деген сөз жеңіл» – 16 жол, «Ал, сенейін, сенейін» – 28 жол, «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» – 34 жол, «Құлақтан кіріп, бойды алар» – 28 жол, «Қызарып, сұрланып, лүпілдеп жүрегі» – 36 жол, «Ысытқан, суытқан» – 20 жол, «Қор болды жаным» – 24 жол, «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» – 38 жол, «Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты» – 14 жол, «Жігіттің қызға айтқаны» – 40 жол, «Қыз сөзі» – 48 жол, «Көзімнің қарасы» – 88 жол, «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» – 8 жол, «Желсіз түнде жарық ай» – 20 жол, «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» – 24 жол, «Сен мені не етесің?» – 84 жол, «Жастықтың оты жалындап» – 52 жол, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» – 52 жол (1-ші шумағы жоқ), «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» – 12 жол, «Қарашада өмір тұр» – 24 жол, «Қансонарда бүркітші шығады аңға» – 58 жол, «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» – 14 жол, «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» – 16 жол, «Есінде бар ма жас күнің» – 20 жол, «Тайға міндік, тойға шаптық» – 45 жол, «Асқа, тойға баратұғын» – 40 жол, «Жазғытұры» – 66 жол, «Жаз» («Жаздыгүн шілде болғанда») – 60 жол, «Күз» («Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан») – 24 жол, «Қараша, желтоқсан мен сол бірекі ай» – 28 жол, «Қыс» («Ақ киімді, денелі, ақсақалды») – 24 жол, «Татьянаның Онегинге жазған хаты» («Амал жоқ – қайттім білдірмей») – 76 жол, «Онегиннің Татьянаға жауабы» («Таңғажайып бұл қалай хат») – 76 жол, «Онегин сөзі» – 44 жол, «Онегиннің екінші хаты» («Құп білемін, сізге жақпас») – 64 жол, «Татьяна сөзі» («Тәңірі қосқан жар едің сен») – 56 жол, «Онегиннің сөзі» («Жарым жақсы киім киіп») – 18 жол, «Қорқытпа мені дауылдан» – 16 жол, «Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын!» – 8 жол, «Махаббат, достық қылуға» – 8 жол, «Онегинді сипаттаған Пушкиннің сөзінің переводы» – 34 жол, «Рахат, мені тастап, қоймадың тыныш» – 20 жол, «Тұтқындағы батыр» («Қараңғы үй терезесі – тұтқын орны») – 20 жол, «Менің сырым, жігіттер, емес оңай» – 16 жол, «Альбомға» («Сал деймін сөзіме ықыласыңды») – 16 жол, «Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда?» – 64 жол, «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» – 20 жол, «Күнді уақыт итеріп» – 8 жол, «Жартас» («Қонады бір күн жас бұлт») – 8 жол, «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен» – 20 жол, «Ауру жүрек ақырын соғады жай» – 18 жол, «Дүниеден үмітім жоқ» – 12 жол, «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» – 24 жол, «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп» – 16 жол, «Дұға» («Өмірде ойға түсіп кем-кетігің») – 12 жол, «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» – 8 жол, «Күлімсіреп аспан тұр» – 28 жол, «Жалау» («Жалғыз жалау жалтылдап») – 12 жол, «Теректің сыйы» («Асау Терек долданып, буырқанып») – 38 жол, «Вадим» («Батыр күнге шымылдық – көк бұлт

кең») – 160 жол, «Қараңғы түнде тау қалғып» – 8 жол, «Шайтан» («Мұңлы шайтан – құдайдың қуған жаны») – 40 жол, «Шегіртке мен құмырсқа» – 36 жол, «Емен мен шілік» – 34 жол, «Қазаға ұрынған қара шекпен» («Қорасына бір байдың») – 28 жол, «Жарлы бай» («Жаман үйде жалғыз шал») – 96 жол, «Піл мен қанден» – 24 жол, «Бақа мен өгіз» – 40 жол, «Қарға мен бүркіт» – 41 жол, «Қарға мен түлкі» – 40 жол, «Есек пен бұлбұл» – 28 жол, «Қатыным қалай демес ақсақал бай» – 12 жол, «Ескендір» – 168 жол, «Масғұт» – 124 жол, «Сәуірде көтерілер рахмат туы» – 52 жол, «Я, құдай, бере көр» – 68 жол, «Алланың рахматын» – 20 жол, «Тілім, саған айтайын» – 20 жол, «Ғарибқа өзінің рахым ...» – 10 жол, «Дейтұғын сөзің қайда, Мағатайым» – 8 жол, «Жиырма жеті жасында» – 56 жол, «Орынсызды айтпаған» – 26 жол, «Талаптың мініп тұлпарын» – 16 жол, «Тұла бойың ұят-ар едің» – 10 жол, «Арғы атасы қажы еді» – 30 жол, «Кешегі өткен ер Әбіш» – 18 жол, «Кешегі Оспан ағасы» – 18 жол, «Кешегі Оспан бір бөлек жан» – 24 жол, «Айналайын, құдай-ау» – 124 жол, «Жылағанды тоқтатып» – 62 жол, «Бірге туған бауырлас» – 14 жол, «Басқа құдай салған соң» – 34 жол, «Бермеген құлға, қайтесің» – 40 жол, «Жинаған туың жығылмай» – 18 жол, «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім» – 59 жол, «Қарға мен түлкі» («Боқтықта талтандап») – 55 жол, «Жастықтың оты, қайдасың» – 24 жол, «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» – 32 жол, «Ала қойлар» («Бір таудағы хайуанды бір арыстан») – 44 жол, «Әншілер» («Көршіні көрші шақырды») – 22 жол, «Мағаш шығарған өлең» («Жас шыбық жазғытұры...») – 20 жол, «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» – 12 жол, «Бір күні көп отырдым ұйқым келмей» – 40 жол, «Мағаштың жоқтауы» («Кеше жүрген ағекем») – 78 жол, «Абайға бір қатын жазған» («Ай, мырза, ғаріп-міскін сөзін тыңда») – 56 жол, «Жалын мен оттан жаралып» – 22 жол, «Бар болса білім, сен сөйле тілім» – 78 жол, «Медғат-Қасым» (поэма, Мағауиянікі) – 730 жол, «Дағыстан» (поэма, Ақылбайдікі) – 549 жол, «Мағаштың Кәкітайға айтқаны» – 44 жол, «Қасиетті дұға («Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ») – 12 жол, «Ерекше естен кетпес қызық қайда» – 12 жол, «Мұны мен бір ай жаздым ермек қылып» (Шәкәрім) – 40 жол, «Сол Масғұт халифаға уәзір болды» – 48 жол, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы».

Қолтаңбасы. Мүрсейіт қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына түсірілген ксерокөшірме, араб әрпімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 25 март 1907.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Бір бетке толық орналасқан, кейбір беттерде бір бетке екі баған, кей жерлерде бір бетке үш, төрт бағанмен орналасқан.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазба тектінде сөзбе-сөз келмейтін жерлері бар. Кейбір жерлері мүлде көрінбегендіктен оқу мүмкін емес. 167 беттегі «Бермеген құлға қайтесің» деген өлеңнен соң мынадай сөйлем кездеседі: *Жылы анық көрінбеген , ... жылында 10-шы январьда жексенбі күні күндіз сағат жетіде Әбдрахман дүниеден қайтты.* 174 бетте *Жұмагүл Хажжибаев* деген мөр бар. 185 бетте – 14/II/1935 деген дата бар.

Ақауы. 53, 54 беттері жоқ. 112 мен 113, 116 мен 117, 132 мен 133 арасындағы беттер жоқ. Қолжазба негізі 232 беттен тұрады, бізге жеткені 208 бет.

Папкасы. 5 (ТҒЗИ).

18

Ш. 6 (ТҒЗИ)

Б. 271
10,5x8; 9x7

Аталуы. Дұғалар.

Жинаушы. Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.

Тілі. Қазақ , араб.

Аннотациясы. Қолжазбада мынадай тақырыптар қамтылған: дұғалар, «Махлуқат нама», «Шариат аль-иман», «Қырық парыз баяны», «Түс көлеңкесінің мерзімдері», «Қабірге барғанда оқылатын дұғалар», «Пайғамбардың басынан өткен оқиғалар», «Шариат аль-иман», «Азан шақыру», «Азан соңынан оқылатын дұға», «Намаз ниеттері», «Әр намаздың соңынан оқылатын дұға», «Тарауих намазы», «Айт намазының ниеттері», «Жаназа намазының ниеттері», «Ауыз бекіткенде, ауыз ашқанда оқылатын дұғалар», «Құрбандық шалғанда оқылатын дұға», «Өсиет нама (h 1344-1965 сафар айының 26-сы)» т.б.

Басқы сөзі...

هر اداميكا بول دغانى وزى برلا توتيب ساقلاسا...

Соңғы сөзі...

... سير شريف.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш түсті жол көз дәптерге көк сиямен араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Бір бетке толық орналасқан.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Тақырыптардың асты сызықпен сызылған. Қолжазба дәптер парақтарынан жасалып тігілген.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 6 (ТҒЗИ).

Ш. 6 (ТҒЗИ)

Б. 8

20,5x16,5; 18x14

Аталуы. Өлең.**Жинаушы.** Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.**Тілі.** Қазақ тілі.**Аннотациясы.** Қолжазбада ұлы әскерге кеткен ананың баласының тілеуін тілеп айтқан өлеңі жазылған.**Басқы сөзі...** دینه ش به ن قا پراش منوار جار دیم شه بولسون حق جبار...**Соңғы сөзі...** بول تویندی جراتقان حق شیشبه سه, قا یغی مه نین انا اناک قالدی ما تالیب.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жол көз дәптерге қара қаламмен, араб әрпімен жазылған.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Бір бетке толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Ақауы.** Беттері түгел емес.**Папкасы.** 6 (ТҒЗИ).

Ш. 6 (ТҒЗИ)

Б. 20

20,5x17; 18x14

Аталуы. Өлеңдер.**Жинаушы.** Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.**Тілі.** Қазақ, араб, парсы тілдері.**Аннотациясы.** Қолжазбада білім, ғылым туралы «Назым», «Мақтаб», «Арслан ила аиқ», «Булбул ила эшак» т.б. тақырыптағы өлеңдер қамтылған.**Басқы сөзі...** علم شرع جانينه ترغيب...**Соңғы сөзі...** ...شیر ایشک اشبسز کشیلرکه ایشیتمک یخشیدور.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жол көз дәптерге көк сиямен араб әрпімен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** Қолжазбаның 10-шы бетінде Қари Мирза Ахмад Ташканди жаһд мажмуаси 1334, не гөзал демиш Ташканди аль-асл Шамс ад-Дин хожа «ғайб» Андижандан деген жолдар бар.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Текст бір бетке толық орналасқан, кей жерлерде бір бетке екі бағанмен түскен.**Ақауы.** Қолжазбаның бас-аяғы жоқ.**Папкасы.** 6 (ТҒЗИ).

Аталуы. Шежіре.

Жинаушы. Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.

Тілі. Қазақ тілі.

Аннотациясы. Қолжазбада бірнеше шежірелер берілген: Адам атадан басталып Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.), Хазрет Алимен (р.а.а.) жалғасып үш жүздің шежіресін Ақарыс, Жанарыс, Бекарыстан таратып жалғастырады. Және де қазақты Хазреті Анастан (р.а.а.) таратқан жерлер де кездеседі, сонымен қатар Абылай ханның Шоқан Уәлихановпен жалғасатын шежіресі де кездеседі, Насаб-нама, парсы патшаларының шежіресі, қазақ хандарының шежіресі, Шыңғыс ханның да шежіресі қамтылған. Кейбір шежірелер өлеңмен берілген. Сонымен қатар қолжазбада аңыз-әңгімелер де кездеседі: Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) туралы хикая, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) күтушісі Анас туралы әңгіме, Абылай хан туралы аңыз, Ақтабан шұбырынды т.б. осы сияқты діни, тарихи хикаялар баяндалады.

Басқы сөзі...

بو شجره نك بسمه سينه رخصت بيرلدى...

Соңғы сөзі...

...توسنب وقغان، جاتتاب تاكرار ه تكه ن افضالراق.

Қолтаңбасы. Қуаныш деген кісінің қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына түсірілген ксерокөшірме, араб әрпімен жазылған.

Көшірілген жылы, жері. 1949 ж., көшірушінің аты-жөні Қуаныш.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбаның 1-ші бетінде: Бұл шежіренің баспасына рұқсат берілді Санкт-Петербуркте 10-шы июнь 1894 жылда Қазанда, деген сөйлем бар. Осы мәліметке қарағанда бұл қолжазба баспадан шыққан шежіре-кітаптың көшірмесі болса керек. 36-шы бетінде мынадай өлең жолдары кездеседі: Н. 1367

Жылында мың тоғыз жүз қырық тоғыз,

Дәптерінің жазуынша болды негіз.

Жаңылсам қателесіп заман құрбым,

Баһрам дос ғапу етіп рахмат деңіз

...Бұл жұмбақ абжат харпі есебімен,

Біліңіз Қуаныш деп құрбым мені.

...Мың тоғыз жүз елуінші жыл

Тіркедім осы сырым санағынан.

Папкасы. 6 (ТҒЗИ).

Ш. 6 (ТҒЗИ)

Б. 8
30x21; 21x18**Аталуы.** Қисса.**Жинаушы.** Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.**Тілі.** Қазақ тілі.**Аннотациясы.** Әбу Бәкірдің Баһрамға жазған хаты. 1943 ж. 15 август. Қолжазбаның соңында Омардың мешіттен бір нәрестені тауып алып оны асырағаны жайлы қисса.**Басқы сөзі...**

باسى جاس كىلند ىردىن فرزندت تو ويب...

Соңғы сөзі...

... ىي آتامىنك كونكولم كه تيب تىنار.

Қолтаңбасы. Әбу Бәкірдікі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазына түсірілген ксерокөшірме, араб әрпімен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1943 ж. 15 август.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Кейбір жерде бір бетке қолжазбаның бір беті көшірілсе, енді бір жерде қолжазбаның екі беті түскен.**Папкасы.** 6 (ТҒЗИ).

Ш. 6 (ТҒЗИ)

Б. 20
30x21; 25x18**Аталуы.** Шежіре.**Жинаушы.** Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.**Тілі.** Араб тілі.**Аннотациясы.** Қолжазбада Адам атадан бастап Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) әулетінің шежіресі берілген.**Басқы сөзі...** شجرة النبى محمد رسول الله صلى الله عليه وسلم و على اله واصحابه ...**Соңғы сөзі...**

... بن دىنبه قولى بن النجه خان بن سه تقو بها در محمد خان ابنه.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына түсірілген ксерокөшірме, араб әрпімен жазылған.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Бір бетке толық орналасқан.**Папкасы.** 6 (ТҒЗИ).

Ш. 6 (ТҒЗИ)

Б. 52
30x21; 24x15**Аталуы.** Өлеңдер жинағы.**Жинаушы.** Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.**Тілі.** Қазақ тілі.

Аннотациясы. Қолжазбада мына өлеңдер қамтылған: «Айдар Алтын Сейтжан Бекшетай ұлының баласын жоқтап айтқан ғазалы», «Сейтжанның сөзі», «Сейтжан Бекшентай», «Қуаныштың сөзі», «Балқы Базардың сөзі», «Тұрмағамбет», «Тұрмағамбет ақынның шығармасы», «Абзал деген бала армияда қайтыс болғанда інісі Сәпиге Мұзаптың айтқан кеуіл-қошы», «Мақтұмқұлы».

Басқы сөзі...

جا تر مسن بالام جه رديك آستندا ...

Соңғы сөзі...

... قو كسى تو كيل وزده يشب تويمایدى.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына түсірілген ксерокөшірме, араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Текст бір бетке бір бағанмен, кей жерлерінде бір бетке екі бағанмен түскен, қатардың арасы «=» белгісімен бөлінген.

Папкасы. 6 (ТҒЗИ).

25

Ш. 7 (ТҒЗИ)

Б. 388

30x21; 23,5x19

Аталуы. Фал-нама

Авторы. Жинаушы Қ.Ергөбеков бұл қолжазбаны Бекасыл Биболатұлының (1821-1914) деп айтады. Б. Биболатұлы дүниеден өтерінің алдында бұл қолжазбаны Қазанқап Байболұлына тапсырып кеткен екен. Бұл күнде Бекасыл Биболатұлынан қалған асыл мұра Қазанқап баласы Оңғардың қолында сақтаулы тұр – дейді.

Жинаушы. Құралбек Ергөбеков, Түркістан қаласының тұрғыны.

Тілі. Қазақ, араб тілі.

Аннотациясы. Қолжазбада дұғалар, ырымдар берілген. Қолжазбаны тапсырған Қ.Ергөбеков қолжазбаның тақырыбын «Әзайымхан» («Дуа а‘зам») атты дуа кітабы деп айтып кетеді. Бірақ қолжазбаның бірінші бетінде «Фал-нама» деген тақырып тұр.

Басқы сөзі...

الحمد لله رب العلمين ...

Соңғы сөзі... ... مدداستعانت تلامك هفتم عالم لارنى دوست تو تمك هشتم ايرته اخشام

Қолтаңбасы. Автордікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Араб әрпімен жазылған, ксерокөшірме.

Беттелуі. Араб әрпімен беттелген, кейіннен Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Ксерокөшірме, бір бетке қолжазбаның екі беті түскен.

Папкасы. 7 (ТҒЗИ).

Ш. 8 (ТҒЗИ)

Б. 4

44,5x30; 40,5x10

Аталуы. Шежіре**Жинаушы.** Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.**Тілі.** Қазақ, араб.**Аннотациясы.** Шежіре Нұх пайғамбардан (с.а.с.) басталып Мұхаммед пайғамбармен (с.а.с.) жалғасады.**Басқы сөзі...**

اماكنعان كوب آداملار بيلان...

Соңғы сөзі...

... عبد الحميد خواجه دور.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш түсті қағазға жасалған ксерокөшірме, араб тілінде.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Текст беттің ортасына орналасқан.**Қолжазбадағы қосымша белгілер.** Беттегі қатардың астынан сызық түскен, сол сызықтардың тұсында 1,2,3... -24 дейін сан жазылған.**Папкасы.** 8 (ТҒЗИ).

Ш. 8 (ТҒЗИ)

3, 24 x 3.

Аталуы. Насаб-нама.**Жинаушы.** Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.**Тілі.** Шағатай тілі.**Аннотациясы.** «Насаб-нама» Хазрет Адамнан (с.а.с.) басталады. Исхақ баб, Абд ар-Рахим баб, Абд ал-Жалил бабтардың қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Сыр бойына келіп жерін жаулап, халқына Ислам дінін қабылдатқан жорықтары сөз болады. «Насаб-Намада» ІХ-ХІІ ғғ. аралығындағы осы Түркістан өңірінде болған тарихи оқиғалар жайында тың деректер беріледі. Шежіренің дұрыстығын куәландыратын 12 мөр соғылған:

1. Ахмад хан бин Йахйя падшах (2 рет соғылған).
2. Амир Темур Кураган сахиб қиран падшах (2 рет соғылған).
3. Ахмад фазл бин 'абд Аллах хан қази (2 рет соғылған).
4. Мухаммад 'абд ... бин 'абд аль-Хайй хожа қази (2 рет соғылған).
5. Молла Хакимжан ... (2 рет соғылған).

Басқа екі мөрлердегі жазуларды оқу мүмкін болмады.

Басқы сөзі... ... حضرت ادم عليه السلام الارنينك اوغلى شيش نبي عايه السلام الارنينك**Соңғы сөзі...** ... محمد خواجه نينك بش اوغولارى بار ايردى شادى خواجه بوا خواجه.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Ксерокөшірме, араб әрпімен жазылған.**Мәтіннің орналастырылуы.** Бір бетке толық орналасқан.**Папкасы.** 8 (ТҒЗИ).

Ш. 8 (ТҒЗИ)

2,29 x 2,15.

Аталуы. Насаб-нама.**Жинаушы.** Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.**Тілі.** Шағатай тілі.**Аннотациясы.** Шежіре Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) басталып Қ.А.Ясауи және оның жолын жалғастырушы шәкірттері Хәкім ата (Сүлеймен Бақырғани), Софы Данышманд Зарнуқи т.б. Ясауи мектебі шәкірттерімен жалғасады. Насаб-намада Оңтүстік Қазақстан территориясындағы жер-су атауларының бұрынғы кездегі аттары берілген. Шежіреге 10 мөр соғылған

1. Молла Ащур Мухаммад бин ...

Қалған мөрлердегі жазуларды оқу мүмкін емес.

Басқы сөзі... ... الحمد لله الذى رب العالمين فى البطون و الظهور و جعل الايام ...**Соңғы сөзі...** ... تورتينجى عبد العزيز حواجه بيشينجى اوغلى عبد الوهاب حواجه.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Араб әрпімен жазылған ксерокөшірме.**Жазылған жылы, жері.** Насаб-намада 1329 ж. 7 раби‘ул ауаал айында деген дерек бар.**Мәтіннің орналастырылуы.** Текст толық орналасқан.**Папкасы.** 8 (ТҒЗИ).

Ш. 8 (ТҒЗИ)

Б. 13

42x30; 42x24

Аталуы. Насаб-нама**Жинаушы.** Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.**Тілі.** Шағатай, парсы тілі.**Аннотациясы.** «Насаб-намада» Исхақ баб, Абд ар-Рахим баб, Абд ал-Жалил бабтардың қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Сыр бойына келіп жерін жаулап, халқына Ислам дінін қабылдатқан жорықтары сөз болады. «Насаб-Намада» ІХ-ХІІІ ғғ. аралығындағы осы Түркістан өңірінде болған тарихи оқиғалар жайында тың деректер беріледі. Шежіренің дұрыстығын куәландыратын 6 мөр соғылған, мөрлердегі жазулар анық емес.**Басқы сөзі...** ... جيريكيمز بار تو كال سلاحي برلان و عبد جليل ايد يلا ر ...**Соңғы сөзі...** ... يشموت تقى قيلج قرا خان انى ايمانغه اوندادى.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Сарғыш түсті қағазға түсірген ксерокөшірме, араб әрпімен жазылған.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Текст бір бетке үш бағанмен түскен Бірінші баған шағатай тілінде, екінші баған көлденеңінен жазылған, шағатай тілінде, үшінші баған парсы тілінде жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Беттің оң жағында қатар саны берілген.

Папкасы. 8 (ТҒЗИ).

30

Ш. 8 (ТҒЗИ)

Б. 14
42x30; 42x26

Аталуы. Насаб-нама

Жинаушы. Құрбанқожаев С., Түркістан қаласының тұрғыны.

Тілі. Шағатай, парсы тілі.

Аннотациясы. «Насаб-намада» қазіргі Оңтүстік Қазақстан территориясына Ислам дінінің таралуы сөз болады. «Насаб-Намада» ІХ-ХІІІ ғғ. аралығындағы осы Түркістан өңірінде болған тарихи оқиғалар жайында тың деректер беріледі.

Басқы сөзі...

اید یلار کیم ایل ...

Соңғы сөзі...

... لا انار لله وانا الله ارضعون.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш түсті қағазға түсірген ксерокөшірме, араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Текст бір бетке төрт бағанмен түскен: бірінші баған шағатай тілінде, екінші баған көлденеңінен түскен, шағатай тілінде жазылған хандар шежіресіне ұқсайды, үшінші, төртінші баған парсы тілінде жазылған.

Папкасы. 8 (ТҒЗИ).

31

Ш. 9 (ТҒЗИ)

Б. 84
25x15; 19,5x12

Аталуы. Диуани хикмет.

Авторы. Қожа Ахмет Ясауи.

Жинаушы. Белгісіз.

Тілі. Орта ғасыр түркі тілі.

Аннотациясы. Қолжазбада Қ.А.Ясауидің 75 хикметі берілген.

Басқы сөзі...

کلینک دوسلار یراتغانی یاد فلا لوك...

Соңғы сөзі...

...انه ن سونكده سق بول جان ين بولغان شق لار.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шығыс қағазына қара сиямен араб әрпімен жазылған, тақырыптары қызыл сиямен жазылған.

Беттелуі. Әр беттің аяғына келесі беттің басқы сөзін қойып отырған, кейіннен Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Текст бір бетке екі бағанмен түскен.

Ақауы. Қолжазбаның бас аяғы жоқ, кейбір парақтары отқа күйген.

Папкасы. 9 (ТҒЗИ).

32

Ш. 10 (ТҒЗИ)

Б. 313

24,5x14; 18x9

Аталуы. Хожа Хафиздің ғазалдары.

Авторы. Хожа Хафиз.

Жинаушы. Байдаулетов Самархан.

Тілі. Парсы тілі.

Аннотациясы. Қолжазбада Хожа Хафиздің ғазалдары берілген.

Басқы сөзі...

کید و جالم زروی لطف ين ...

Соңғы сөзі...

... تمت الكتاب بعون مملك الوياب.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш түсті қағазға қара сиямен, араб әрпімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қолжазбаның соңғы бетінде 1238 деген дата бар.

Беттелуі. Әр беттің аяғына келесі беттің басқы сөзін қойып отырған, кейіннен Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Текст бір бетке екі бағанмен түскен.

Қалпына келтірілуі. Қалпына келтірілмеген. Қолжазбаның жағдайы нашар.

Ақауы. Қолжазбаның беттері түгел емес, парақтары, мұқабасы жыртылған.

Папкасы. 10 (ТҒЗИ).

33

Ш. 10 (ТҒЗИ)

Б. 64

21x13,5; 15x10

Аталуы. Грамматика.

Жинаушы. Байдаулетов Самархан.

Тілі. Араб тілі.

Аннотациясы. Қолжазада араб грамматикасы жаттығулары, сөйлем талдау, етістікті талдау сияқты т.б. жаттығулар берілген.

Басқы сөзі...

فكيف تنكر حبا بعد ما شهدت...

Соңғы сөзі... ... صلى الله عليه وسلم توجه نمايلر و در محل خواندن در اول و در اخر.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш түсті шығыс қағазына қара сиямен, араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Әр беттің аяғына келесі беттің басқы сөзін қойып отырған, кейіннен Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Бір бетке толық орналасқан, текст тігінен де көлденеңінен де жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қалпына келтірілмеген.

Ақауы. Қолжазбаның бас аяғы жоқ, беттері түгел емес.

Папкасы. 10 (ТҒЗИ).

34

Ш. 11 (ТҒЗИ)

Б. 112
30x21; 22x11

Аталуы. Дастан.

Жинаушы. Ташкент қаласының тұрғыны Муминов Әшірбек.

Тілі. Орта ғасыр түркі тілі.

Аннотациясы. Қолжазбада діни тақырыптағы дастан берілген.

Басқы сөзі... قومی قرسنداشعنيك مشفيق بولور بو قران...

Соңғы сөзі... ... بورور ايدي شهزاده الارنى كوركاج سهوش بولوب زماندين.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш түсті қағазға түсірілген ксерокөшірме, араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Әр беттің аяғына келесі беттің басқы сөзін қойып отырған, кейіннен Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Бір бетке бір бағанмен жазылған.

Папкасы. 11 (ТҒЗИ).

35

Ш. 12 (ТҒЗИ)

Б. 280
25,5x14,5; 17x9

Аталуы. Диуани хикмет.

Авторы. Қожа Ахмет Иасауи.

Жинаушы. Түркістан қаласының тұрғыны Бейсенбаев Тастанбек.

Тілі. Шағатай тілі.

Аннотациясы. Қолжазбада Қ.А.Ясауидің 74 хикметі берілген.

Басқы сөзі... مدارى جمعه محمد...

Соңғы сөзі... ... حکمت ريم عالمغه تل غان.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш түсті қағазға қара сиямен, араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Әр беттің аяғына келесі беттің басқы сөзін қойып отырған, кейіннен Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Бір бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қалпына келтірілмеген.

Ақауы. Қолжазбаның жағдайы нашар, бас-аяғы жоқ, беттері түгел емес, мұқабасы жыртылған. Қолжазбаның бас жағына және аяқ жағына басқа бір кітаптардың беттері қосылып тігілген.
Папкасы. 12 (ТҒЗИ).

36

Ш. 13 (ТҒЗИ)

Б. 187
24x14; 16x8

Аталуы. Хикаялар.

Жинаушы. Ташкент қаласының тұрғыны Ходжаев Хаким.

Тілі. Орта ғасыр түркі тілі, парсы тілі.

Аннотациясы. Қолжазбаның 1-ші жартысында Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.), Жәбрейіл пайғамбар, Мұса пайғамбар, Иса пайғамбар, Сүлеймен пайғамбарлардың бастарынан өткен діни мазмұндағы хикаялар берілген.

Қолжазбаның 2-ші бөлімінде діни тақырыптағы сұрақ-жауаптар берілген.

Басқы сөзі... ... حر کم سنکا ظلم قلسه منکا سالغیل ظلم نی کوتارکیل انا انا قرینداش...

Соңғы сөзі... ... بولغاندا اوزونك دیدار غنا قلغل سنکد س ...

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш түсті қағазға қара және қызыл сиямен, араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Әр беттің аяғына келесі беттің басқы сөзін қойып отырған, кейіннен Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Бір бетке толық орналасқан

Қолжаздабағы қосымша белгілер. Қолжазбаның 57-ші бетінде суреттер (таблица) берілген.

Қалпына келтірілуі. Қалпына келтірілмеген.

Ақауы. Қолжазбаның жағдайы нашар, бас-аяғы жоқ, беттері түгел емес, мұқабасы жыртылған..

Папкасы. 13 (ТҒЗИ).

37

Ш. 14 (ТҒЗИ)

Б. 45
30x21; 23,5x18

Аталуы. Насаб-нама

Жинаушы. Белгісіз.

Тілі. Орта ғасыр түркі тілі.

Аннотациясы. «Насаб-намада» Исхақ баб, Абд ар-Рахим баб, Абд ал-Жалил бабтардың қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Сыр бойына келіп жерін жаулап, халқына Ислам дінін қабылдатқан жорықтары сөз

